

**Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Ауыл шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері мен перспективалары» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау
ҰСЫНЫМДАРЫ**

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларды іске асыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін одан әрі орнықты дамыту жөніндегі міндеттерді негізге ала отырып, парламенттік тыңдауларға қатысушылар **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Жеке қосалқы шаруашылықтардың мәртебесі мен оларды қолдау құралдарын айқындайтын «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне белгіленген мерзімде енгізуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ ветеринарияны реформалау саласында, оның ішінде:

- уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін ажыратуды;

- ірі шаруашылықтардағы әрі ұсақ шаруашылықтардағы, оның ішінде жеке аула шаруашылығындағы мал басы туралы статистикалық деректердің дұрыстығын қамтамасыз ететін, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар арасында ветеринария саласындағы деректерді жинау мен беруді автоматтандыруды, процестерді цифрландыруды;

- мемлекеттік сатып алу шеңберінде саланы ветеринариялық препараттармен, қазақстандық мазмұндағы жануарлар ауруларын генотиптеу және диагностикалаудың тест-жүйелерімен қамтамасыз ету, оларды өндіру бойынша отандық кәсіпорындардың әлеуетін ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау, оның ішінде биокомбинаттар салу жолымен қамтамасыз етуді;

- аса қауіпті ауруларға жүйелі мониторинг және болжам жүргізу, сондай-ақ оларды қаржыландыруды;

- ветеринариялық препараттардың сапасын бақылау бойынша тәуелсіз референттік орталық құруды қамтитын өзгерістер мен толықтырулардың топтамасын енгізсін.

2. Мыналар:

- агроөнеркәсіптік кешен саласын мамандармен және кадрлармен қамтамасыз етуді арттыру, оның ішінде өндірісте неғұрлым сұранысқа ие мамандарды даярлауға бағдарланған техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін ендіру;

- әлемдегі жетекші аграрлық университеттердің үлгісімен аграрлық мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларын жаңғырту, ауылдық мамандықтарға оқуға түсушілер үшін ауыл квотасын 30%-дан 50%-ға дейін ұлғайту;

- кадрларды даярлаудың бірыңғай бағдарламаларын және оларды аграрлық жоғары оқу орындарында даярлауға, оның ішінде жас мамандардың біліктілігін арттыру мен оларды өндіріске бейімдеу жөніндегі кластерлік тәсілдерді құру;

- ғылыми-зерттеу институттарын уақтылы қаржыландыру, олардың күрделілігін ескере отырып, ғылыми жетістіктерді өндіріске ендіру мерзімдерін қайта қарау (қысқа мерзімді – 3 жылға дейін, орта мерзімді – 5 – 7 жылға дейін және ұзақ мерзімді – 10 жылға дейін және одан да көп), сондай-ақ оларды ендіру жөніндегі орындаушылардың жауапкершілігін белгілеу;

- «Ұлттық биотехнология орталығы» мен «Қазақ ветеринариялық ғылыми-зерттеу институтының» агробиотехнология, өсімдіктер селекциясы, генетикасы мен биоинженериясы, ветеринария салаларында жүргізетін бәсекеге қабілетті ғылыми зерттеулерін іске асыру, жұқпалы және жұқпалы емес ауруларды диагностикалау, алдын алудың, ауру мал басын емдеудің құралдары мен әдістерін және жануарлардың денсаулығын қорғау бойынша препараттар өндіру технологиясын іздестіру және жетілдіру мақсатында олардың ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту-бойынша шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Өсімдіктердің жаңа сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға (УПОВ) қосылу процесін жеделдетсін.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1. Мыналар:

- өз өндірісінің өткізілген өнімінің көлемі және жаңа технологияларды ендіру оларды алудың негізгі өлшемдері еңбектің түпкілікті нәтижесі болуға тиісті саланы техникалық және технологиялық қайта жарактандыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру;

- агроөнеркәсіптік кешеннің (бұдан әрі – АӨК) барлық субъектілеріне, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықтарға мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- субсидиялау тетігін жетілдіру және оларды алу процесін автоматтандыру, ауыл шаруашылығы жерлерін, оның ішінде мал басына қарай жайылымдарды есепке алу мен бөлуді цифрландыру жөніндегі ақпараттық жүйені әзірлеу арқылы оның ашықтығын қамтамасыз ету;

- субсидия алушылар үшін бюджет қаражатының көлемін жоспарлау жүйесін енгізу және инвестициялаудың неғұрлым өзекті бағыттарын қолдау үшін жағдайлар жасау;

- қайтарымды және нысаналы негіздерде, оның ішінде бюджеттен тыс қаражат шеңберінде жеңілдікті кредит беру түрінде оларды икемді

пайдалану мүмкіндігін қарай отырып (револьверлік негізде) нарықтық қолдау құралдарын пайдалану;

- АӨК субъектілері мен жұртшылық арасында АӨК-дегі субсидиялау жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жоспарланып отырған реформалар туралы, сондай-ақ әзірленіп жатқан «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдары жобаларының негізгі ережелері туралы ауқымды түсіндіру жұмысын қамтамасыз ету;

- мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалану есебінен, оның ішінде ғылыми негізделген ауыспалы егістерді енгізуді жүзеге асыратын және топырақтың құнарлылығын сақтау мен арттыру жөнінде шаралар қабылдайтын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ынталандыру арқылы жемшөп, жарма, бұршақ және майлы дақылдар алаңдарын кеңейте отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыруды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

- 2021 – 2025 жылдарға арналған жемшөп өндіру саласын дамыту жөніндегі жол картасын іске асыру бойынша шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп:

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне жол бермеу;

- ұсақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің көтерме-тарату орталықтарының құрылатын желісіне (жеке қосалқы шаруашылықтарды қоса алғанда) қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі тетіктерді әзірлеу;

- АӨК өнімдерінің импортты алмастыру және экспортын дамыту бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету;

- көкөністерді, картоп пен жемістерді сақтау қуаттары мен сыйымдылығын дамыту, кеңейту және жаңғырту бойынша шаралар қабылдасын;

- инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу арқылы көтерме-тарату орталықтарының ғимаратын салуға және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге, қайта өңдеуге, сақтауға, буып-түюге бағытталған жабдықтарды сатып алуға инвестициялық салымдар кезінде келтірілген шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша инвестициялық салымдарды өтеуді 25%-ға субсидиялауды бекітсін.

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі:

1. Мыналарды:

- көтерме-тарату орталықтарының (бұдан әрі – КТО) құқықтық мәртебесін айқындау, КТО қызметін Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына (ЭҚЖС) және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін

басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу бөлігінде заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ кедендік тексеру бойынша автоматтандырылған тәуекел бейінінің КТО-ға қатысты қолданысын жою туралы мәселені;

- әлемдегі жетекші аграрлық университеттердің үлгісі бойынша аграрлық мамандықтардың оқу бағдарламаларын жаңғырту, ауылдық мамандықтарға түсушілер үшін ауылдық квотаны 30%-дан 50%-ға дейін ұлғайту;

- КТО объектілерінің тұрақтандыру қорларын қалыптастыру кезінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды (бұдан әрі – ӘКК) пайдалану мүмкіндігін қарастырсын, бұл өз инфрақұрылымы жоқ ӘКК-ге тез бұзылатын тауарлардың қорларын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

- алынатын мемлекеттік көмектің орнына тұрақтандыру қорының қорларын қалыптастыру үшін төмен жалдауды ұстап қалу бойынша КТО басқарушы компанияларының міндеттемелерін енгізу мәселесін қарастырсын.

2. Мыналарды:

- сатып алуға, сақтауға және өткізуге кең өкілеттіктер беретін КТО жүйесін қалыптастырудың функционалдық тәсілдерін қайта қарауды;

- барлық жеке КТО-ға тең жағдайлар мен жүктемелер жасау, оның ішінде бәсекелес емес орта құруды болдырмау үшін оларға Ұлттық тауар өткізу жүйесінің ақпараттық жүйесіне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етсін;

3. Бизнес субъектілері өз қаражаты есебінен салып жатқан жеке КТО салу, техникалар мен жабдықтар сатып алу кезінде мемлекеттік қолдау шараларын көздесін, сондай-ақ КТО салуға және жаңғыртуға арналған шығыстардың бір бөлігін өтеу немесе инвестициялық преференциялар ұсыну мүмкіндігін қарастырсын.

4. Ауыл шаруашылығы өнімдерін делдалдарсыз дайындауды, сақтауды, өткізуді көздейтін КТО-ның негізгі нысаналы мақсаттарын сақтау, баға белгілеуді тұрақтандыру, өнім сапасын сақтау жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі:

1. Мүдделі мемлекеттік органдармен және облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді тұрақты суару, жайылма суару және малды суару мұқтаждарына суару суымен қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен және облыс әкімдіктерімен бірлесіп, Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану, суару жүйелерін пайдалану туралы тапсырмасын орындауды қамтамасыз етсін.

3. Мемлекет басшысының суармалы жерлер алаңын ұлғайту жөніндегі тапсырмасы шеңберінде республикалық бюджетте:

- 236 мың гектар алаңында суару желілерін қайта жаңартуға жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге;
- келісілген мерзімде ПУИД-2 ирригациялық және дренаждық жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша жұмыстарды аяқтауға шаралар қарастырсын.

Облыстардың әкімдіктері:

Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп:

- ауыл шаруашылығының жай-күйі бойынша лауазымды адамдар жинайтын ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету бойынша олардың жауапкершілігін арттыру;
- халықтың жеке аула шаруашылықтарын жайылымдық алқаптармен, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығы жерлерін суландыру арқылы қамтамасыз ету;
- жайылым пайдаланушылардың, оның ішінде жеке аула шаруашылықтарының мүдделерін ескеруі тиіс жайылымдарды басқару және оларды аудандар бөлінісінде пайдалану жөніндегі пәрменді жоспарларды әзірлеу;
- ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту, оның ішінде кооперацияның артықшылықтары және ұсақ тауар өндірушілердің мүмкіндіктерін біріктіру туралы кең түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- қалпына келтірілген суармалы жерлерді игеру және мақсатты пайдалану;
- жаңа суармалы жерлердің су шаруашылығы инфрақұрылымын салу және ескі суармалы жерлердің ирригациялық инфрақұрылымын қалпына келтіру жобаларын дайындау;
- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді түгендеу, оның қорытындысы бойынша нақты суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын (суарылмайтын егістік, жайылымдар, шабындықтар, босалқы жерлер және т. б.) суармалы жерлердің құрамына ауыстыру, сондай-ақ суару көзімен байланысты жоғалтуға байланысты алаңдарды олардың құрамынан шығару;
- суды көп қажет ететін ауыл шаруашылығы дақылдарын (күріш, мақта) азықтық және техникалық мақсаттағы неғұрлым тиімді дақылдарға әртараптандыру бойынша шаралар қабылдасын.